



# Мырзашөл-Шардара өңіріндегі ашаршылық

Бұқіл Қазақстанды қамтыған 1916 жылғы үлт-азаттық котерлістің зұлматты жалыны Оңтүстікті, оның ішінде Мырзашол-Шардара еңірін де айналып отпегені архив деректерінен белгілі. Бұл жылдарды Мырзашол-Шардара аймасы «Бетпак дала» (Голодная степь) деп аталып, Түркістан өлкесіне қарасты Жызак уезинің құрамына енген екен.

Самарқан облысы Жызак уезінің жері 21 болыстықка бөлінген. Ол кезеңде Жызак уезінің орталығына жақын отырықшы қышлақтардан өзге болыстардың барлығын дерлік көшпелі мал шаруашылығымен айналысадын көшпелі қазақтар мекендеген. Тарихта осы өнірде 1916 жылғы патша үкіметінің тыл жұмыстарына алу жөніндегі маусым жарлығына карсы Орта Азиядагы ең үлкен, қанды көтерілістердің бірі – Жызак көтерілісі болғанын білеміз. Көтерілістің басталуына патшаның қара жұмысқа алу туралы жарлығы түрткі болғанымен, тарихи астардың әріде жатыр еді. Патша үкіметінің отарлау саясаты бойынша жергілікті отырықшы халықтың астық есіргүе қолайлы егіндік жерлері, су тоғандары мен арықтары, көшпелі қазақтардың шұрайлы жайылымдары тартып алынып, Ресейдің орталық аудандарынан әкелінген коныстануыш орыс шаруалағына үлестіріліп берілді. Әп-сөтте дайын құнарлы егіс алқаптары мен шұрайлы шабындыққа ие болған орыс мұжықтары аз уақытта байып, аш-жалаңаш күйде қазақ даласына сүйретіліп зорға жеткенін тез-ак ұмытты. Олар Ресейдегі 1861 жылға дейін басыбайлы құқық жойылғанға дейін әздеріне зәбір көрсеткен қожайындарының іс-әрекетін осында дәлме-дәл қайталап, малы мен жерінен айырылып, кайыршылық күйге түскен жергілікті халықты құл есебінде жумсай бастады. Даңдайсыған кейбір мұжықтар егіндік-жайылымдық жерімді буллірді деген желеумен иелігіне жақын келген малдарын тартып алып, дауласуға келген «туземдіктерді» атып тастап отырды. Келімсектердің осындағы жүгенсіз іс-әрекеттеріне токтау салудың орнына оларды колдан-колпащтап, колына

отыратын әкімшілік ғимаратына шабуыл жасады. Әп-сэтте Жызак үезінің басшысы, полковник Рукин мен пристав Зотогловтың көзі жойылды.

Көтеріліске қожа руынан шыққан атақты ішандар – Нәзір қожа Әбдісәламов, Әбдірахман Әбдіжаппаров, халық судьисы Турадбеков, Қасым қожа, т.б. дін өкілдері басшылық жасаса, негізгі қозғаушы күшін егінші өзбектер, саудагер сарпттар, малшы қазактар құрады. Көтерілісшілер темір жол стансасына, әскери казармаға, телеграф желілеріне шабуылдал, жанаржагар май құйылған коймаларды өртеп, көзіне түсken әкімшілік адамдарын, әбден зәбірі өткен орыс мужықтарын өлтіре бастады. Қарулы наразылықтың ауқымы Жызак қаласының шегінен шығып, Санзар, Замин, Богдан деңгаталатын болыстың аумагына да тара-ла бастады. Халық наразылығын басу ушін Ташкент және Жызакқа жақын

“ЖЫЗАҚ ҮЕЗІ ХАЛҚЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ ШІЛДЕ АЙЫНЫң 2-12 КҮНДЕРІ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАСГАҒАН СИПАТТАҒЫ БОЙ КӨРСЕТУЛЕРДЕН БАСТАЛДЫ. ПАТША ЖАРЛЫҒЫНЫҢ МАЗМУНЫМЕН ҚҰЛАҚТАНЫП ҰЛГЕРГЕН ЖЕРГІЛІКТІ ЖҰРТ БІРТІНДЕП ТОПТАСА КЕЛЕ, 13 ШІЛДЕ КҮНІ ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ПРИСТАВЫНЫң СТАРШЫНМ. ҚҰДИЯРОВТАН «ҚАРАЖҰМЫСҚА» АЛЫНАТЫН АЗАМАТТАРДЫҢ АТЫ-ЖӘНІ ЖАЗЫЛҒАН ТІЗІМДІ ЖОЮДЫ ТАЛАП ЕТТИ. ТАЛААТТАРЫ ОРЫНДАЛМАҒАН АШУЛЫ ХАЛЫҚТЫң НАРАЗЫЛЫҒЫ М. ҚҰДИЯРОВ БАСТАҒАН АРНАЙЫ ОРГАН ӘКІЛДЕРІН ӨЛТІРУМЕН ЖАЛҒАСТЫ.

қалалардан құрамында бірнеше  
қарууланған 13 рота, 3 казак жүздігі  
1 рота саперлік эскерилері бар тұғас  
армия экелінді. Жайғана тоитық бағыт  
көтеруден патша үкіметінің отаршылдық  
саясатына карсы ашық соғысқа айналып

жұмыстарының нәтижесінде Мәскеу қаласында орналасқан Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінен (РГАСПИ) осы тақырыпқа қатысты маңызды құжаттар табылды. Аталған архивтің 122-кор, 1-тізімдеме, 39-49 істеріндегі 1916 жылғы Жызак көтерілісінде көшпелі қазақтар мекендейтін бі болыс халқының ауыр түрмисы баяндалады. Архив деректеріне сүйенсек, арада жыл өткен соң, 1917 жылы билік басына келген Кеңес әкіметтің тұсында да Жызак уезінде қарасты қазақтардың жағдайы оналмай, қайта құрт нашарлай түскен. Осы жылдан бастап босқыншылық кезінде көшпелі өз атамекендерінде қалыптайтын қойған көшпелі қазақтардың арасында жаппай ашаршылық жайлайды. Өйткени Кеңес әкіметі жыл сайын әр көшпелі қазақ болыстарының халқына жеке-жеке 200 мың сом контрибуция (соғыс шығыны) төлеуге міндеттеген екен. Мәселен, Туркістан өлкелік мұсылман ұйымдары бюросының мәліметінше, 1919 жылдың маусым айында Жызак уезіндегі ашаршылықтан аман қалу үшін Ташкент уезінде жан сауғалап келген қазақ Сулаймен Шурековтің сөзінше, Атақорған, Қызылқұм, Қорғантебе, Шардара, Пістелітау, Көктөбе болысы көшпеллерінің жағдайы ашаршылықтан

АРАЗЫЛЫҒЫ ШІДЕ АЙЫНЫҢ 2-12  
Ы ҰЙЫМДАСПАҒАН СИПАТТАҒЫ  
СТАЛДЫ. ПАТША ЖАРЛЫГЫНЫҢ  
НЫП ҮЛГЕРГЕН ЖЕРГІЛІКТІ ЖҮРТ  
З ШІДЕ КУНІ ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ  
М.КҮДИЯРОВТАН «ҚАРАЖУМЫСҚА»  
Ы АТЫ-ЖӘНІ ЖАЗЫЛҒАН ТІЗІМДІ  
ПАТТАРЫ ОРЫНДАЛМАҒАН АШУЛЬ  
М.КҮДИЯРОВ БАСТАҒАН АРНАЙЫ  
МЕН ЖАЛҒАСТЫ.

үшін Жызак уезінің атқару комитетіне келіп ашыққан қазактардың тізімін ұсынған, соғыс шығынын алыш тастауды және ашаршылықтан қынадай қырылған халықты аман сактап қалуын өтінген. Алайда исполкомдағы әпербақандар олардың сөзін тыңдамай, кенседен күш шыққан, әкелген тізімдерін жыртып тастаған.

Съезд делегаттарының кешпелі қазактардың жағдайын егжей-тегжей сипаттаған баяндамаларын аяқтаған соң жарыссөзге уезд басшылары шығады. Өз кезеңінде ашаршылық жайлар Атақорған, Қызылқұм, Қорғантөбе, Шардара, Пістелітау, Көктөбе болыста-рының үстінен қарайтын милиция бас-тығы Чалов сөз алыш, аталған болыс қазактары бай тұратынын, 1500 қойы және 500 түйесі бар қазактар көп екенін, ең кедей қазактың өзінде 50 қой мен 10 түйесі бар екенін айтыш бөседі. Қазактар табиғатынан контреволюционер, Кенес Әкіметін мойындағысы келмейді, сол себептен оларға алушылық танытудың өзі артық деп сөзін бітіреді. Съезге қатысып отырған исполкомның бастықтары – Устабаев, Миржамаловтар астамшыл шовинист Чаловтың сөзін куаттай кетеді. Кончагі: көзек болыстаудың алғаш-

Кәшпел қазақ болыстарынан съезге арнары делегат болып келген өкілдер мен Жызақ уездік атқару комитеті басшыларының арасында дау туындаиды.

Осы съезге арнары Ташкенттен келип отырган Ұлт істері комиссариатының арнары өкілі Балапанов, аштыққа қарсы күрес белімінің басшысы Лабзина, уездік исполком мүшесі А.Абдужаппаров және т.б. азаматтардан куралған арнары топ мәселенің мән-жайына қанығу үшін қәшпелі қазактар мекендейтін аймақтарға іссапарға аттанады. Олар 1919 жылдың тамыз-қазан айларының аралығында қәшпелі қазактар мекендейтін 6 болысты арапалап, халықтың жағдайын өз көзімен көріп қайтады. Іс-салардан келген соң Балапанов Түркістан өлкелік Ұлт істері Комиссариаты басшыларының атына 23 қазан күні №134 санды 16-беттік баяндау хатын жазады. Баяндама хаттың

шашырақ адамдары аштықтан түгел қаза тапқан. Қазіргі күнде 400 отбасы ғана қалған. Олардың өзі аш-жалаңаш.

3. Жызақ uezі исполкомының мүшесі Есалы Оразбаевпен бірге Шардара болысы халқының жағдайын зерттеген Балапанов 2000 үйлі көшпелі қазактың 1000 шаңырағының отбасы мүшелері аштықтан түгел опат болғанын баяндайды. Қазіргі күнде көшпелі кетуге шамасы жоқ 500 үйлі қазақтар құмаршық жеп, Сырдария езені жағалауында қауын егіп күн көруде. Қыс айына қамданбаған. Сонымен катар Бетпақ дала (Голодная степь) уездік коммунарлар бастығы Қосбармақовтың айтуынша, оған қазан айының ортасында Шардара болысының бір топ қазағы арызданып келген. Арызданушылардың көрсетуінше, Жызақ исполкомы Шардара болысы казақтарына 200 мың сом контрибуция салық салып, оны көшпелі қазақтардан мәжбүрлі түрде ендіріп алуға кіріскең. Басқа болыстарға да осындей көлемдеме соғыс шығынын төлеуді талап еткен.

Баяндамашы Балапанов хатының соңында ашаршылықтың салдарынан 1916-1919 жылдар аралығында Жызак үезіне қарасты 6 бөліс қазақтарының 2/3 бөлігі қырылып қалғанын айта келе, халықтың бір бөлігін аштықтан аман сақтап қалу үшін Кенес өкіметіне бірқатар шараны жедел қолға алу қажет деп ой түйіндейді. Атап айтқанда, соғыс шығының өндіріп алуды дереу тоқтатып, ашаршылықтың ең өткір кезеңдері — қыс және көктем мезгілдерінде азық-түлік түрінде көмек беруді ұсынады. Соңдай-ақ көшпелі қазақтардың егін шаруашылығымен айналысусы үшін қажетті тұқыммен, күш-көлікпен қамтамасыз етіп, Сырдария өзенінен арық қазуға көмектесу қажет екенін негіздейді. Қазақ әйелдерінің арасында ерте кезден бері кең тараған, бірақ қазіргі күні тоқырап қалған тоқыма өнерін қайта жандандыру үшін қолөнер жабдықтарын таратып берудің маңызы зор екенін дәлелдеуге тырысады.

## Алайда аталған архив құжаттарында

на, олардың колдан-колпаштаң, қолына күрү берген жергілікті халықтың қарсы айып салып басқарып отырын патша үкіметінің отаршылдық саясаты – жергілікті халықтың өкпе-ренішін қара қазандай қайнатып, шыдамының шегіне жеткізген еді. Жығылғанға жұдырық болғандай, осы кезеңде мемлекет мұқтаждығы үшін деп жергілікті халықтан алынатын жаппай реквизиция түріндегі салықтар қолемі де бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты шамадан тыс есіп кеткен болатын. Осындағы әлеуметтік шиеленісті жағдайда тыл жұмысына алу жөніндегі 1916 жылғы маусымдағы патша үкіметінің арнайы жарлығының шығуы тұтанғалы тұрган отка май құйғандай әсер етті.

Жызак uezі халқының наразылығы шілде айының 2-12 күндері аралығындағы үйымдастырылған сипаттағы бой көрсетулерден басталды. Патша жарлығының мазмұндымен құлақтанып үлгерген жергілікті жұрт біртіндеп топтаса келе, 13 шілде күні жергілікті полиция приставының старшины М.Кудияровтан қара жұмыска алынатын азаматтардың аты-жөні жазылған тізімді жоюды талап етті. Талаптары орындалмаған ашулы халықтың наразылығы М.Кудияров бастаған арнайы орган өкілдерін өлтірумен жалғасты. Өрі қарай қолына түскен шокпар, таяқ сойыл, таспен қаруланған көтерілшілер тобы үезд шенеуніктері

саясатына қарсы ашық соғысқа айналып үлгерген халық көтерілісін жазалау операциясын тікелей жүргізу үшін Жызак uezіне Түркістан генерал-губернаторы А.Куропаткиннің езі арнайы келді.

Орасан зор қаруы бар жазалаушы отряд басшысы, полковник Иванов қарапайым қаруланған Жызак қаласындағы көтерілісшілерді зұлымдықпен басып-жаншип, наразылық қамтыған қышлақ-ауылдарды жаппай өртеп, халқын қанды қырғынға ұшыратты. Жазалаушы отряд көзге түскен «түземдіктерді» онды-солды атып, әйелдерді қатығездікпен зорлайды, жергілікті халықтың піскелі тұрган астығына өрт қойып, мал-мұлқін талауға салады. Жазалаудан аман қалған көтерілісшілер әскери сотқа тартылады. Жызак uezіне қарасты қөшпелі қазактар мекендейтін Атақорған, Қызылқұм, Қорғантөбе, Шардара, Пістелітау, Көктөбе сынды 6 болыстың тұтастай халқы жазалаушы отряд қырғынанан бас сауғалап аман қалу үшін Бұқара ҳандығының иелігіне қарай үдерес босуга мәжбүр болды. Жазалаушы отряд ойранынан өртке оранған ауылдар мен қышлактар тізімі, әскери сот процестерінің үкімі, т.б. «Жызак қырғыннына» қатысты тарихи құжаттар қазіргі күнде Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 11-корында сакталған.

Осы ретте зерттеу және іздену

болысынан Ә.Койбағаров, Қызылқұм облысынан Данғылбай, Шардара болысынан З.Мамасалиев және т.б. жогарыдағы деректерді растан сөз сөйлейді. Олардың айтуынша, 1917 жылы орын алған жұттың салдарынан шөп шықтай, күз айларында мал басы күрт кемі бастаған. Қыс мезгілінде қөшпелі қазактардың малы түгелімен қырылып қалған. 1918 жылдың сәуір айында қыстап титықтап әрең шыққан халықтан Кенес өкіметі контрибуция ретінде әр болыстықтан 200 мың сом жинап беруін талап еткен. Малы қырылып, жұтап отырған қазактар соғыс шығынын төлеу үшін амалсыздан барлық дүниесін сатқанмен де соғыс шығынын төлей алмасын білген қазактар көршілес жатқан Қаттақорған, Бұқар ҳандығы, Ташкент uezіне қарай бас сауғалап қөшпелі қазактар қөшпелі қалып қойған кедей қазактар тасбака, сарышұнақты талғажау етіп, кеүірек, қоңырбас, құмаршық деп аталатын шөлтерді жеп күнелткен. Салдарынан адамдардың іші кеүіп, түрлі жүқпалы аурулардың таралуы салдарынан халық жаппай қырыла бастаған. 1918 жылдың жаз айларының сонына қарай, құмды даланың есімдігі құмтары піскен сонғана халықтың бір белігі аман қалған. Бас көтерер ел азаматтары халықтың мүшкіл халінен хабардар ету

дау хатын жазады. Һаяндама хаттың күкінеші мазмұны мәннаның

1. Көктөбе және Пістелітау болыстарында 1918-1919 жылдар аралығында көшпелі қалып қойған 3000 шаңырақ қазактардың 1400 шаңырағы (әр шаңырақта орташа 6-7 адам) аштықтан қырылып қалған. Қөшпелі татақ іздең жан-жаққа босып кеткен. Аталған болыс шегінде қазіргі таңда 300 киіз үйлі қазактар ғана кешіп-конып жүр. Ашыққан халық құмаршық жеп күнелтіп жүр. Қыс мезгіліне қажетті азық-тұлік коры жок, киімдері шүрк тесік, жұпның.

2. Атақорған, Қызылқұм, Қорғантөбе болыстары қазактары да ашаршылықтан қатты зардал шегіп отыр. Мәселен, Атақорған болысындағы 1500 шаңырағы бар қөшпелі халықтың 900 отбасы мүшелері түгел қырылып қалған. Болыс аумағында осы күнде 200 киіз үйлі қазактар қөшпелі қалып қойған жүр. Қызылқұм болысындағы 1200 үйлі қазактардан 500

Алайда аталған архив құжаттарында балында, хатта жазылған осы ұсыныстардың іске асқаны немесе ескеруіз қалғаны жөнінде деректер үшіраспады. Бірақ кейінгі жылдардағы осы 6 болыстағы қөшпелі қазактарының есіміне қарасақ, халықты ашаршылықтан аман сақтап қалу үшін Кенес өкіметі бірқатар шараны жүзеге асырганын байқаймыз. Бірақ арада 10 жыл уақыт еткен соң Мырзашөл-Шардара өнірінің қөшпелі қазактары ұжымдастыру арқылы отырышылыққа мәжбурлап көшіру зобаланы салдарынан тағы да бір алапат ашаршылыққа ұшырағанын архив деректері дәлелдейді.

**Ержан ПАЗИЛОВ,**  
М.Әуезов атындағы ОҚУ аға  
окытушысы, Шымкент қаласы  
бойынша саяси күйін-сурғын  
құрбандарын толық ақтау жөніндегі  
жұмыс тобының мүшесі

**ТҮЙН.** 1916-1919 жылдар мен 1929-1933 жылдардың зұлматты кезеңінде аштық салдарынан қынадай қырылған ата-бабамыздың рухына тазым етіп, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үшін Мактаарал, Шардара және Келес аудандарының шекаралары түйіскен тұста орналасқан, жергілікті халық, «Банды үңгірсай» деп атап кеткен жерде мемориалды кешен салынса, тарихи саңамызды жаңғыртатын сауапты іс болар еді. Себебі бұл аймақ патша өкіметінің, одан кейін олардың отарлау саясатын жаңа ашыла мазмұнда әрі қарай қайта жалғастырған қызылдардың қырғынының күесі ғана емес, 1723-1728 жылдары актабан шұбырындыға ұшырап, Сырдария вәзені маңындағы Алқакөлдер бойында сұлап жақташкан дәрмененіз қазаққа пана болған киелі атамекен, қасиетті жер.

